

		Мұғалімнің аты-жөні: Габллина Мадина Секпаевна Күні: 16.11.2018
СЫНЫП: 5 Сабақ 54-55	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны: 0
Сабақтың тақырыбы:	Алтын адам.	
Сабақ негізделген оқу мақсаттары		
Сабақ нәтижесі:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Тақырыпқа қатысты нақты айтылған шағын хабарламаларды қолдану арқылы алтын адам жайлы түсінік алады</p> <p>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Мәтінмен таныстыру, жаңа сөздермен жұмыс жүргізу, сөйлем құрастыруға үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p>	
Жетістік критерийлері:	<p>Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): тақырыпқа қатысты ақпараттар береді, ауызша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): тақырып аясында сыныптастарымен тілдеседі, өз ойын айтады.</p> <p>Оқушының жоғарғы жетістігі(ОЖЖ): тақырыпқа қатысты сыныптастарымен пікір алмасады, мәтін құрайды.</p>	
Тілдік күзiретiлiк	Сөйлеу тiлiндегi интонация, кiдiрiс, логикалық екпiн	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар, топтық тапсырмалар, жеке тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Оқыту әдістері:	Әңгімелеу, талдау, сұрақ-жауап, «Шаттық шеңбері» тренингі, «Шеңбер орталығы» тәсілі, «Диограмма» әдісі «Ішкі және сыртқы шеңбер» .	
Пәнаралық байланыс	Видео, қазақ тілі.	
Алдыңғы оқу	Дауыссыз дыбыс түрлері	
Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	Бағалау түрлері
Басталуы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі: -Сәлтіздерме балалар! -Қазір қандай сабақ? -Бүгін кім кезекші? -Сыныпта кім жоқ? Топтарға бөлу. Тірек сөздер бойынша топқа бөліну. Оқушыларға сөздер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларда бақыт, шаттық деген сөздер болу керек. Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді.</p>	1-топ: бақыт 2-топ: шаттық

Жаңа білім
10 минут

Жаңа сабақтың тақырыбын ашу.Интерактивті тақтада сурттер көрсетіледі.
Сол суреттер арқылы сабақтың тақырыбын ашады.

Интерактивтік
тақта (Слайдтар)



1 слайд

Мұғалім: Бұл не ? (Алтын)



2 слайд

Мұғалім: Бұл кім ? (Адам)



3 слайд Мұғалім: Бір сөзбен айтқанда,
қандай сөз шығады ? (Алтын адам)



4 слайд «Алын адам» Мұғалім: Бүгінгі тақырыбымыз «Алтын адам»

Ойын (Балаларға латын әріптері беріледі. Ол әріптер арқылы балалар«Алтынадам» сөзін құрастыру қажет) **Altyn adam**

Мұғалім:

- Балалар дәптерлерімізді ашамыз.
- бүгінгі күнді және жаңа тақырыбымызды жазамыз.
- Енді балалар көңілдерімізді интерактивті тақтаға аударайық.
- Балалар! көрсетілген видеоны тиянақты қарап,тындаймыз. Ең маңызды мәліметтерді дәптерлерімізге жазамыз. (*4 мыннан астам әшекелер,айна,жүзіктер,күміс тостаған,сөмке, мойынға тағатын алқа, сырға, қару жарақтар, ыдыстар*)

Т.Ж. Видио арқылы **1-тапсырманы** орындаймыз. (Тындалған мәліметтер арқылы Диограмма жасайды)



Латын әріптері.
Тақта

Видио «Алтын адам құпиясы»
3 минут

Ватман
Маркер.
Түрлі түсті
қарындаштар

Ортасы
10 минут

Дескриптор:

- Видионы тиянақты тындайды;
- Тыңдалған мәліметтер арқылы топпен диограмма жасайды.

Топпен кері байланыс орнату:

- Тапсырманы орындай алдыңдар ма?
- Тапсырманы орындау оңай болды ма?

2-тапсырма (Мәтін арқылы «Шеңбер орталы» тәсілін орындау)

Алтын адам

Алтын адам — Алматы облысындағы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі (5 ғасыр). 1969 – 1970 жылы археолог Кемел Ақышев тапқан. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «хайуанат нақышында» жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар– ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген. Есік обасынан алынған археологиялық мәліметтерге қарап, бұл адамның біздің заманымыздан бұрынғы 5 – 4 ғасырларда өмір сүргені анықталды. Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, Алтын адамның Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті елбасының ұлы немесе жас көсем, әскербасы екенін айқын көрсетеді. Көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология, т.б. салалардан мол дерек беретін Алтын адам сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдейді. Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға енді.

«Шеңбер орталығы»



Дескриптор:

- мәтінді тиянақты оқиды;
 - Нақты мәліметтерді жазады.
- Топпен кері байланыс орнату:**
- Тапсырманы орындай алдыңдар ма?
 - Тапсырманы орындау оңай болды ма?

Ватман
Маркер.
Қалам

10 минут	<p>3-тапсырма ЖЖ (Оқушылар мәтін арқылы берілген «дұрыс» «бұрыс» карточкаларын толытпады. Бір бірінің жұмыстарын тексереді)</p> <table border="1" data-bbox="339 280 1225 728"> <thead> <tr> <th data-bbox="339 280 978 315">Ақпарат</th> <th data-bbox="978 280 1109 315">дұрыс</th> <th data-bbox="1109 280 1225 315">бұрыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="339 315 978 351">Алтын адам сақ жауынгерінің мүрдесі</td> <td data-bbox="978 315 1109 351">+</td> <td data-bbox="1109 315 1225 351"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="339 351 978 387">Кемел Ақышев тапқан</td> <td data-bbox="978 351 1109 387">+</td> <td data-bbox="1109 351 1225 387"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="339 387 978 456">Алтын адамның бас киімінің биіктігі 20 см болған</td> <td data-bbox="978 387 1109 456"></td> <td data-bbox="1109 387 1225 456">-</td> </tr> <tr> <td data-bbox="339 456 978 492">Белбеуге 16 тоға жапстырылған</td> <td data-bbox="978 456 1109 492">+</td> <td data-bbox="1109 456 1225 492"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="339 492 978 528">5-4 ғасырларда өмір сүрген</td> <td data-bbox="978 492 1109 528">+</td> <td data-bbox="1109 492 1225 528"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="339 528 978 564">Қазақстанның азаттық символына айналды</td> <td data-bbox="978 528 1109 564">+</td> <td data-bbox="1109 528 1225 564"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="339 564 978 633">Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды</td> <td data-bbox="978 564 1109 633">+</td> <td data-bbox="1109 564 1225 633"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="339 633 978 728">төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға енбеді</td> <td data-bbox="978 633 1109 728"></td> <td data-bbox="1109 633 1225 728">-</td> </tr> </tbody> </table>	Ақпарат	дұрыс	бұрыс	Алтын адам сақ жауынгерінің мүрдесі	+		Кемел Ақышев тапқан	+		Алтын адамның бас киімінің биіктігі 20 см болған		-	Белбеуге 16 тоға жапстырылған	+		5-4 ғасырларда өмір сүрген	+		Қазақстанның азаттық символына айналды	+		Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды	+		төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға енбеді		-	Карточкалар
Ақпарат	дұрыс	бұрыс																											
Алтын адам сақ жауынгерінің мүрдесі	+																												
Кемел Ақышев тапқан	+																												
Алтын адамның бас киімінің биіктігі 20 см болған		-																											
Белбеуге 16 тоға жапстырылған	+																												
5-4 ғасырларда өмір сүрген	+																												
Қазақстанның азаттық символына айналды	+																												
Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды	+																												
төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға енбеді		-																											
Аяқталуы Сабақты бекіту 5 минут	<p>Мұғалім: -Балалар бүгін қандай тақырыпты өтті? -«Алтын адам» туралы қандай толық мәліметтер алдыңдар ? -Ендеше балалар сендерге кемеңіздің суреті беріледі. Осы сурет арқылы бүгінгі көңіл күлеріңізді көрсетесіңдер. -Егер саған сабақ ұнаса кемеңіздің желкесін жасыл түске боя. -Егер сен бір қиындықты кездестірген болсаң сары түске боя. -Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындауға қиын болып, мұғалім көмегі қажет болса, желкені қызыл түске боя.</p>	Карточка Түсті қарындаштар.																											
Үй тапсырмасы	89 бет 3-тапсырма	Кітап																											